

Астана қаласы «Ж.Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК

Мектепте психологиялық қолдау және кәсіби диагностика жұмыстары оқушылардың болашақ мамандығын саналы таңдауға бағытталды. Осы мақсатта мектеп психологімен бірлескен жұмыстар жүргізіліп, кәсіби қызығушылықты, қабілет пен бейімділікті анықтауға арналған диагностикалық әдістемелер қолданылды. Нәтижесінде оқушылар өз мүмкіндіктерін танып, мамандық таңдауда психологиялық қолдау алды.

Мақсаты:

Оқушылардың қызығушылығы, қабілеті мен бейімділігін анықтау арқылы кәсіби бағдар беруге бағыттау.

Міндеттері:

- Психологиялық диагностика жүргізу;
- Оқушылардың жеке ерекшеліктерін анықтау;
- Мамандық таңдауға психологиялық қолдау көрсету.

Нәтижесі:

Диагностика, психологиялық қолдау нәтижесінде оқушылардың кәсіби қызығушылықтары мен қабілеттері айқындалып, болашақ мамандықты таңдауға бағыт-бағдар берілді.

Қыркүйек айында «Кәсіптік бағдар негізінде 9,11-сынып оқушыларының проблемаларын анықтау» тақырыбында сауалнама жүргізілді. Сауалнама мазмұны бойынша оқушылардың мамандық таңдау ойының қалыптасу деңгейі, таңдауға әсер ететін тұлғалар (ата-ана, мұғалім, достар), сондай-ақ мамандық таңдауда қиындық тудыратын мәселелер анықталды. Сауалнама мақсаты оқушылардың мамандық таңдау процесінде кездесетін қиындықтарын, қызығушылықтары мен бейімділіктерін түсіну, кәсіби бағдар беру жұмысын тиімді жоспарлау болып табылады. Алынған мәліметтер негізінде оқушылардың болашақ мамандыққа деген көзқарасы мен кәсіби бағдарын жақсарту бойынша нақты ұсыныстар жасалды.

Кәсіптік бағдар беру мақсатында психологиялық дәріс

22 қазан 11-сынып түлектеріне арналған кәсіптік бағдар беру мақсатында психологиялық дәріс өткізілді. Дәріс барысында оқушылардың қызығушылықтары мен бейімділіктері анықталып, болашақ мамандық таңдауда пайдалы кеңестер мен бағыт-бағдар берілді. Психолог оқушыларға өз қабілеттерін дұрыс бағалау, кәсіби таңдаудағы басты критерийлерді түсіну, сонымен қатар мамандықтар әлемі мен еңбек нарығы туралы ақпарат берді. Дәріс оқушылардың өзін-өзі тануына, өз мүдделері мен талантарын анықтауға және саналы түрде мамандық таңдауына мүмкіндік жасады.



«Сенің мансаптық бастамаң» онлайн курсы 9-11 сынып оқушылары өтті. «Астана дарыны» орталығы мен Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы enbek.kz ұйымдастырған «Сенің мамансаптық бастамаң: Электрондық еңбек биржасын қалай пайдалануға болады» атты тегін онлайн курс барысында оқушылар: enbek.kz платформасында жұмыс іздеуді, түйіндеме толтыруды, еңбек нарығындағы мүмкіндіктерді талдауды үйренді. Қорытынды тестілеуден өтіп, сертификаттарға ие болды. Бұл курс мансаптық дамуға, мақсат қоюға және өз әлеуетіңді ашуға бағытталған маңызды қадам.



7.11.2025

А.Е.Голомштоқтың «Қызығушылық картасы» тесті

17.11-24.11.2025 аралығында А.Е.Голомштоқтың «Қызығушылық картасы» тесті бойынша 9-11сынып оқуларына жүргізілді. Зерттеудің негізгі мақсаты оқушылардың жеке қызығушылықтары мен бейімділіктерін анықтап, олардың қай бағытқа сай ынтасы бар екенін көрсету. Тестілеу нәтижесінде әр оқушының қабілетіне қарай бағыт-бағдар беру ұсынылды.

28 қараша мектеп оқушылары «QABILET қызметінің» кәсіби бағдарлау тесттерін тапсырып, өз қабілеттерін анықтады. Бұл тест оқушыларға өздерінің қызығушылықтары мен болашақ мамандық бағытын дұрыс таңдауға көмектеседі.

16–18 жастағы оқушылар – кәсіби бағдарлау тестін тапсырды.

8–17 жастағы оқушылар – қабілеттерін диагностикалау мүмкіндігіне ие болды.

<https://qabilet.elumiti.kz/?ysclid=mkaxr4ze4u49030461>



«Мансап компасы» кәсіби бағдарлау тесті

Кәсіби бағдар беру жұмысы аясында 7–11 сынып оқушылары арасында «Мансап компасы» кәсіби бағдарлау тесті ұйымдастырылып, өткізілді. Тест Холландтың кәсіби қызығушылықтар теориясына негізделген және оқушылардың жеке бейімділіктерін анықтауға бағытталды. Тестілеу процесі барысында оқушылар өз қызығушылықтары, қабілеттері мен тұлғалық ерекшеліктеріне сәйкес сұрақтарға жауап берді. Нәтижесінде әрбір оқушы өзінің кәсіби типін анықтап, болашақта таңдауы мүмкін мамандықтар бағыты туралы мағлұмат алды. Бұл өз кезегінде оқушылардың өзін-өзі тануына және кәсіби бағдарын нақтылауына мүмкіндік берді. Тест қорытындылары бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, оқушыларға кәсіби бағдар беру бағытында ұсыныстар айтылды. Аталған іс-шара оқушылардың еңбек нарығы талаптарына сай мамандықтарды саналы түрде таңдауына және болашаққа нақты мақсат қоюына оң ықпал етті.

<https://mansap.enbek.kz/profession?direction=%D0%98%D0%A2+%D0%B8+%D0%98%D0%9A%D0%A2&ysclid=mkarlrifzm455120298>)

14:55

Анарбай Адила

E-mail: [redacted]

Телефон: [+]

Мектеп: Гкп Пхв «школа-гимназия № 4 Имени Жамбыла Жаббаева» Акимата Города Астаны

Кәсіптік бағдарлау бойынша тесті

Сенің тұлға түрін: Әлеуметтік

Сен алған нәтижелер тек **тест жауаптарыңа** негізделген бағалау екенін атап өту маңызды.

Мектепте, спорт секцияларында немесе достарыңмен араласып жүргенде, өз дағдыларыңды әрі қарай дамытып отырсаң, сен өзің армандаған жұмыс орнын табуға мүмкіндік аласың!

Нәтиже 1

